«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация Қазақстан Республикасының ғылым дамуының басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» ЖҒТК-ның 2023 – 2025 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) **3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)**	Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылғы қыркүйек айының 1 жұлдызында, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты халыққа Жолдауында шағын, орта және ірі бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажеттілгі айтылған болатын. Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты шағын, орта кәсіпорындарға қолдау көрсету керек. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейтуге болады. Осы тұрғыда «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген жөн. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керек» деп атап өткен жоғарыда аталған ресми құжатта. Сондықтан да бұл зерттеу жұмысы осы үрдістің талаптарына сай орындалған деп айтуға толық негіз бар. Сонымен бірге бұл диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы

			Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасымен де үндес болып келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер біздіңше отандық құқық ғылымына өзінің елеулі үлесін қоса алады деп бағалаймыз. Диссертациялық зерттеу нәтижелері теориялық және практикалық маңызға ие, зерттеу жұмысының мазмұнындағы маңызды ережелер мен тұжырымдарды азаматтық заңнаманы жетілдіру процесінде заң шығару қызметі барысында қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жазу тілі жатық, түсінікті, сауатты орындалған. Автор шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың құқықтық аспектілері мен ерекшеліктеріне ауқымды талдау жүргізді. Жұмыста жеке бастама және күрделі ғылыми мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігі көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыс ғылыми тұрғыдан сауатты негізделген жаңа нәтижелерді қамтитын кешенді жұмыс болып табылады. Алынған нәтижелердің жаңашылдығы, негізділігі мен объективтілігі күмән тудырмайды. Зерттеу жұмысы шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың ерекшеліктерін кешенді сипатта саралауға арналған дербес ғылыми жұмыс болып табылады. Диссертант зерттеу тақырыбының өзектілігін дұрыс негіздей білген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Зерттеу жұмысының мазмұны зерттеу жұмысының жоспармен орынды үйлесімін тапқан. Зерттеу жұмысын мазмұны тақырыптың мәнің нақты айқындайды. Жұмыс мәлімделген тақырыпты егжей-тегжейлі қарастырады және зерттеу тақырыбын жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, атап айтқанда, коммерциялық

		келеді: **1) <u>сәйкес келеді;</u>** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	құрылым ретінде шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың ерекшеліктері кешенді түрде зерделенгеен, осы мәселелердің құқықтық және теориялық аспектілері жете сараланып, осы аталған саланы реттейтін қолданыстағы азаматтық заңнамаларды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу арқылы диссертант алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп зерттеудің міндеттерді орындай білген. Қойылған міндеттер мақсаттан қисынды түрде туындайды және мәлімделген мәселені жан-жақты зерттеуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) <u>толық байланысқан;</u>** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық тараулары мен бөлімдері, яғни құрылымы логикалық өзара байланысқан. Жалпы зерттеу жұмысы жақсы деңгейде жазылған, диссертацияда зерттеу үдерісінің барлық компоненттерін кездестіруге болады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) <u>сыни талдау бар;</u>** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор жұмысты тарихи кезеңдерден бастап, қазіргі жағдаймен байланыстыра отырып отандық және шетелдер тәжірибесінен саралай отырып салыстырмалы сипатта жете талдауларды жасаған. Диссертанттың ұсынған жаңа тұжырымдары дәйекті негізделген. Сондай-ақ шаруашылық серіктестіктердің қызметі барысында анықталған кейбір тәжірибелік сипаттағы өзекті құқықтық мәселелерді шешудің жолдары ұсыныс ретінде көрніс тапқан. Зерттеу жұмысында талдаулар жеткілікті деңгейде жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар **толығымен жаңа** болып табылады. *Бірінші нәтиже жаңа*, себебі, «корпорациялар» - заңды тұлға ретінде тіркелген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қатысушылардың мүлкін біріктіруге негізделген ұйым болып табылады деп айтуға толық негіз бар, бұл ретте

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	автордың мұндай заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару қатысушының мүлкі мен жеке еркінен бөлек болады деген пікірімен толық келісеміз. Корпоративтік қатынастардың негізінде жеке және қоғамдық-құқықтық реттеудің үйлесімі көрніс табады деген автордың ұстанымын біздер өте орынды деп бағалаймыз. Корпоративтік қатынастарда жария-құқықтық реттеу мемлекеттің осы шаруашылық серіктестіктерді құру және оның жұмыс істеуі үшін сақталуы тиіс арнайы талаптарды белгілеуі кезінде орын алады деген автордың қортындысын негізді деп оң бағалаймыз әрі ол жұмыс мазмұнында ол дәйекті негізделген. Корпоративтік қатынастар кәсіпкерлік қызметті басқаруды қамтитын азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі болып табылады деген автордың ұстанымын негізді деп санаймыз және ол жеткілікті негізделген. *Екінші нәтиже жаңа,* өйткені мұндағы корпоративтік басқару жеке құқықтық реттеуді қажет етеді деген автордың тұжырымымен толық қосыламыз әрі оны орынды деп бағалаймыз. Сондай-ақ автордың корпорациядағы «басқару» термині мүліктік, сондай-ақ мүліктік емес, заттық және міндеттемелік, сондай-ақ абсолютті және салыстырмалы құқықтық қатынастардың белгілерін біріктіретін корпоративтік құқықтық қатынастарының ажырамас бөлігі болып табылатын азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекше бір түрі ретінде қарастыруға болатындығы жайлы пікірін негізді деп бағалаймыз. Сонымен бірге диссертаттың корпоративтік басқарудың қазақстандық моделі қазіргі уақытта өзінің қалыптасу кезеңін бастан өткізуде, корпоративтік басқарудың қазақстандық үлгісінде барлық дәстүрлі басқару модельдердің әртүрлі компоненттері ресми түрде көрініс тапқан деп айтуға болады деген пікірімен толық келісеміз және ол жұмыс мазмұнында жақсы негізделген.

			Сондай-ақ, диссертанттың шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың отандық моделінің басты ерекшеліктері ретінде мыналарды атап көрсеткенін дұрыс деп бағалаймыз, мәселен автордың пайымдауынша, біріншіден, ол - ағылшын-американдық және роман-германдық корпоративтік басқару модельдерінің элементтерінен құралған, екіншідлен, , қазақстанда шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқару тетігі айтарлықтай дәрежеде күрделі болып табылады, мәселен, басқару жүйесінің жеке дара және алқалы принциптерге негізделуінде, үшіншіден, шаруашылық серіктестіктерінде басқару органдарын құру әрдайым көп буынды (екі немесе үш деңгейлі) болып келеді. Мысалы, басқарудың екі буынды жүйесі жоғары басқару органының, яғни серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының және заңды тұлғаны ағымды басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның (жеке немесе алқалы) бір мезгілде болуымен сипатталады. Үш буынды жүйені стратегиялық даму тұжырымдамасын әзірлейтін немесе корпорация қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган, мысалы байқау кеңесі толықтырады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде корпоративтік құқықтарды іске асырудың арнайы ережелері шынымменде қарастырылмаған, ол рас, сондықтан авторды біздер осы тұрғыда қолдаймыз. *Үшінші нәтиже жаңа,* өйткені шынымен де Қазақстандағы корпоративтік басқаруды корпоративтік басқарудың кәсіпкерлік моделіне жатқызуға толық болады деп санаймыз. Бұл модель расыменде көп жағдайда өтпелі экономикасы бар елдерге, соның ішінде Қазақстанға да тән. Ресми түрде, бұл модельде барлық қажетті атрибуттар бар, бір-ақ іс жүзінде жағдай мүлдем өзгеше болады. Бұл модельдің кемшілігі ретінде мыналарды көрсетуге болады, акционерлердің, менеджерлердің, директорлар кеңесінің функцияларының бұлыңғырлығы және басқарудың бұл моделінде өкілді

			органдар емес, атқарушы органдар, яғни менеджмент басым құзретке ие, нәтижесінде басқару корпоративтік емес, командалық-әкімшілік сипатқа ие болады. Бұл жерде капиталдың едәуір бөлігі әдетте басқарушылардың қолында шоғырланады сол себепті олар өздеріне қажетті шешімдерді өкілді органдардың оңай қабылдауына қол жеткізедігі жайлы автордың бұл тұжырымдарын негізді деп санаймыз. *Төртінші нәтиже жаңа,* себебі шынымен де шаруашылық серіктестіктің басқару органдарына маңызды рөл берілген, өйткені заңды тұлға сол органдары арқылы құқықтарға ие болып өздеріне міндеттер қабылдайды, осы органдар жасаған іс-әрекеттер мен шығарған шешімдер нәтижесінде құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады. Ол зерттеу жұмысы барысында жақсы әрі жете сараланып, негізделген. *Бесінші нәтиже жаңа, өйткені* қатысушылардың жалпы жиналысы-бұл жоғары орган, өйткені жиналыс оған есеп беретін басқа басқару органдарын құрайды. жалпы жиналыс басқару функциясын жүзеге асырады, өйткені оның құзыретіне ішкі ұйымдастыру мәселелері мен азаматтық айналымға қатысу мәселелері кіреді. Әрбір басқару органының өз құзыреті болғандықтан, шаруашылық серіктестіктерінде бір мезгілде жеке және алқалы атқарушы органдардың болуы оның бірыңғай атқарушы орган екендігін және бұл жағдайда жеке-дара атқарушы орган алқалы атқарушы органның құрамдас бөлігі ретінде әрекет ететіндігін көрсетпейді, бұл мәселге автор өз тарапынан оларға жете талдаулар жасап орынды етіп негіздей білген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) <u>толығымен жаңа;</u>** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертацияның қорытындылары <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Автор шаруашылық серіктестіктердің құқықтық мәртебесін және олардың корпоративтік басқару ерекшеліктерін терең талдауға негізделген бірегей шешімдерді ұсынды. Бұл тұжырымдар құқықтық ғылымның

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	дамуына айтарлықтай үлес қосады және шаруашылық серіктестіктерді басқарудың инновациялық тәсілдерін ұсынады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Автор диссертацияда ұсынған барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері жақын шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда, отандық халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда, ҚР ҒЖБ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда негізделген. Диссертацияның негізгі ережелерін ізденуші ғылыми семинарларда, дөңгелек үстелдерде, республикалық және халықаралық сипаттағы ғылыми-тәжірибелік және теориялық конференцияларда жариялады. Атап айтқанда:. диссертациялық зерттеу мәселелері бойынша 4 ғылыми жұмыс, оның ішінде Скопус деректер базасында индекстелетін мерзімді басылымда ғылыми мақала жарияланды. Диссертацияны жазу кезінде автор төрт мақала жариялаған, олар: 1. Gulnapissa Zh. Begazova , Aizhan A. Amangeldy, Zhazira D. Tarap, Assel G.-G. Nurkhanova Legal status of business partnerships under the legislation of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation/Rivista di Studi sulla Sostenibilita,2021, (2), pp. 111–125

			2. G.Zh. Begazova Development and formation of the legislation of foreign countries regulating business partnerships/ ВестникКазНУ. Серия Юридическая-2021.- №1 (97). – С. 38-46 3. Г.Ж.Бегазова Корпоративтік құқықтық қатынастардан туындайтын талаптарды қамтамасыз етудің кейбір мәселелері/ ВестникКазНУ. Серия Юридическая-2023.- №1 (105). – С. 59-66 4. Г.Ж.Бегазова,Ж.Өмірәлі,Э.М.Омурчиева Корпоративтік басқаруды құқықтық реттеудің қазақстандық моделі/ ВестникКазНУ. Серия Юридическая-2024.- №1 (109). –
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ	1. «Корпорациялар» – заңды тұлға ретінде тіркелген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қатысушылардың мүлкін біріктіруге негізделген ұйым, бұл ретте мұндай заңды тұлғаның мүлкі мен істерін басқару қатысушының мүлкі мен жеке еркінен бөлек болады. Корпоративтік қатынастардың негізінде жеке және қоғамдық-құқықтық реттеудің үйлесімі көрніс табады. Корпоративтік қатынастарды жария-құқықтық реттеу мемлекеттің осы шаруашылық серіктестіктерді құру және оның жұмыс істеуі үшін сақталуы тиіс арнайы талаптарды белгілеуі кезінде орын алады. Корпоративтік қатынастар кәсіпкерлік қызметті басқаруды қамтитын азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі болып табылады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең

			7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2. Корпоративтік басқару жеке құқықтық реттеуді қажет етеді деп санаймыз. Корпорациядағы «басқару» термині мүліктік, сондай-ақ мүліктік емес, заттық және міндеттемелік, сондай-ақ абсолютті және салыстырмалы құқықтық қатынастардың белгілерін біріктіретін корпоративтік құқықтық қатынастарының ажырамас бөлігі болып табылатын азаматтық-құқықтық қатынастардың ерекше бір түрі ретінде қарастыруға болады. «Корпоративтік басқару» термині оны корпорацияларға қатысты қолдануды меңзейді, оларды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қатысушылардың мүлкін біріктіруге негізделген ұйым деп түсіну қажет, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай ұйымдар санатына шаруашылық серіктестіктері жатады. Қазақстандық корпоративтік басқару моделі қазіргі уақытта өзінің қалыптасу кезеңін бастан өткізуде, корпоративтік басқарудың қазақстандық үлгісінде барлық дәстүрлі басқару модельдердің әртүрлі компоненттері ресми түрде көрініс тапқан деп айтуға болады. Сондай-ақ, шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқарудың отандық моделінің басты ерекшеліктері ретінде мыналарды атап өтуге болады, біріншіден, ол – ағылшын-американдық және роман-германдық корпоративтік басқару модельдерінің элементтерінен құралған, екіншідлен, Қазақстанда шаруашылық серіктестіктерді корпоративтік басқару тетігі айтарлықтай дәрежеде күрделі болып табылады, мәселен, басқару жүйесінің жеке дара және алқалы принциптерге негізделуінде, үшіншіден, шаруашылық серіктестіктерінде басқару органдарын құру әрдайым көп буынды (екі немесе үш деңгейлі) болып келеді. Мысалы, басқарудың екі буынды жүйесі жоғары басқару органының, яғни серіктестікке

			қатысушылардың жалпы жиналысының және заңды тұлғаны ағымды басқаруды жүзеге асыратын атқарушы органның (жеке немесе алқалы) бір мезгілде болуымен сипатталады. Үш буынды жүйені стратегиялық даму тұжырымдамасын әзірлейтін немесе корпорация қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган, мысалы байқау кеңесі толықтырады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде корпоративтік құқықтарды іске асырудың арнайы ережелері қарастырылмаған. Сол себепті, өз құқықтарын жүзеге асыру кезінде корпоративтік қатынастарға қатысушылар заңнамада корпоративтік басқарудың нақты тұжырымдалған қағидаттарын таппайды. Біздің ойымызша, корпоративтік басқарудың негізгі мақсаты корпоративтік қатынастарға қатысушылардың мүдделерін үйлестіруді және қатысушылар арасында пайданы әділ және тең бөлуді қамтамасыз ету болып табылады; 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 3. Қазақстандағы корпоративтік басқаруды корпоративтік басқарудың кәсіпкерлік моделіне жатқызуға болады. Бұл модель көп жағдайда өтпелі экономикасы бар елдерге, соның ішінде Қазақстанға да тән. Ресми түрде, бұл модельде барлық қажетті атрибуттар бар, бір-ақ іс жүзінде жағдай мүлдем өзгеше болады. Бұл модельдің кемшілігі ретінде мыналарды көрсетуге болады, акционерлердің, менеджерлердің, директорлар

			кеңесінің функцияларының бұлыңғырлығы және басқарудың бұл моделінде өкілді органдар емес, атқарушы органдар, яғни менеджмент басым құзретке ие, нәтижесінде басқару корпоративтік емес, командалық-әкімшілік сипатқа ие болады. Бұл жерде капиталдың едәуір бөлігі әдетте басқарушылардың қолында шоғырланады сол себепті олар өздеріне қажетті шешімдерді өкілді органдардың онай қабылдауына қол жеткізеді. Корпоративті басқару тетіктерін реттейтін сыртқы факторларға келетін болсақ, мұндағы жағдай әдетте келесі факторлармен сипатталады. Экономикалық саясат пен мемлекеттік реттеу кейде бір-біріне сәйкес келмей жатады, ол көбінесе саяси конъюнктурамен анықталады; 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 4. Шаруашылық серіктестіктің басқару органдарына маңызды рөл берген, өйткені заңды тұлға сол органдары арқылы құқықтарға ие болып өздеріне міндеттер қабылдайды, осы органдар жасаған іс-әрекеттер мен шығарған шешімдер нәтижесінде құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді немесе тоқтатылады. Серіктестікте оның атқарушы органдарының заңсыз және көбінесе жосықсыз әрекеттері салдарынан шығындар туындауы тәжірибеде жиі кездесіп жатады. Іс жүзінде, басқару органы шаруашылық серіктестігіне зиян келтіретін әрекеттерді жасаған кезде, әдетте, бұл ретте жаңа басқару органы сайланады немесе тағайындалады, шығын

			келтірген адам жұмыстан шығарылады, яғни жасалған құқық бұзушылыққа елеулі ден қойылмайды; 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 5. Қатысушылардың жалпы жиналысы – бұл жоғары орган, өйткені жиналыс оған есеп беретін басқа басқару органдарын құрайды. жалпы жиналыс басқару функциясын жүзеге асырады, өйткені оның құзыретіне ішкі ұйымдастыру мәселелері мен азаматтық айналымға қатысу мәселелері кіреді. Әрбір басқару органының өз құзыреті болғандықтан, шаруашылық серіктестіктерінде бір мезгілде жеке және алқалы атқарушы органдардың болуы оның бірыңғай атқарушы орган екендігін және бұл жағдайда жеке-дара атқарушы орган алқалы атқарушы органның құрамдас бөлігі ретінде әрекет ететіндігін көрсетпейді. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Диссертация үшін әдіснаманы таңдау негізделген және мұқият ойластырылған. Автор корпоративтік басқарудың құқықтық аспектілері мен ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін сапалы және сандық зерттеу әдістерін қамтитын кешенді тәсілді қолданды. Диссертациядағы зерттеу әдістемесі егжей-тегжейлі сипатталған және қолданылатын әдістер мен тәсілдердің нақты экспозициясын қамтиды. Автор деректердің қалай жиналғанын және талданғанын егжей-тегжейлі түсіндіреді, бұл қорытындылардың сенімділігі мен дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді. Әдістемелік бөлімнің егжей-тегжейінің бұл деңгейі ғылыми зерттеудің жоғары сапасын көрсетеді және жұмыстың ашықтығы мен қайталануын қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және деректерді өңдеу мен түсіндірудің озық әдістерін қолдана отырып алынды. Деректерді өңдеу және түсіндіру үшін компьютерлік технологияларды пайдалану нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін айтарлықтай жақсартты. Осылайша, зерттеуге жоғары технологиялық көзқарас диссертацияның ғылыми маңыздылығы мен практикалық құндылығын растайтын сенімді және өзекті нәтижелер алуды қамтамасыз етті.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар мұқият дәлелденіп, эксперименттік зерттеулермен расталды. Автор деректерді жинау мен өңдеудің заманауи әдістерін қолдана отырып, корпоративтік басқарудың құқықтық нормалары мен практикалық аспектілеріне жан-жақты талдау жасады. Эксперименттік зерттеу экономикалық серіктестіктердің жағдайларын егжей-тегжейлі зерттеуді қамтыды, бұл ұсынылған гипотезалар мен ұсынылған модельдерді растауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер қорытындылардың

			сенімділігі мен ғылыми негізділігінің жоғары дәрежесін көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге, статистикалық деректерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті. Диссертацияны жазу барысында автор 117 ғылыми әдебиеттерді пайдаланды.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, өйткені. зерттеу жұмысында қарастырылып, қол жеткізілген мәселелерді одан әрі ғылыми зерттеулер жасау мақсатында, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар дайындау процесінде және оқу бағдарламаларын, оқу құралдарын дайындауда қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерді осы зерттеу саласы бойынша азаматтық заңнаманы жетілдіру процесінде заң шығару қызметі барысында кең қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады, себебі диссертация бойынша қол жеткізілген қортындылар мен тұжырымдар тиісті құқық саласы бойынша алғаш рет анықталған ұсыныстар болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа;	Академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың мәтіні барлық ғылыми стандарттарға сәйкес жазылған. Автор нақты терминология мен негізделген дәлелдерді қолданады, бұл жұмысты түсіну мен қабылдауды жеңілдетеді. Беделді

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	дереккөздер мен мұқият зерттелген бөлімдерге сілтемелер автордың зерттелетін саладағы кәсібилігі мен терең білімін растайды. Алайда тараулардың логикалық тұрғыдағы өзара байланысы жетілдіруді қажет етеді. Пікірлер дәлелді деректер арқылы келтірілген, жазу дағдылары, толық, нақтылығылығымен айқындалады.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларының» талаптарына сәйкес келеді.

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Рецензент:
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
«Нархоз Университеті» Коммерциялық емес Акционерлік қоғамның
Құқық және мемлекеттік басқару мектеп директорының орынбасары **Омарова А.Б.**

подпись Омаровой А.Б.
заверяю
начальник ОКА